



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№8 10 мамыр 2019 жыл жұма



№8 10 мамыр 2019 жыл

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



«ЖЫЛ ОҚЫТУШЫСЫ – 2019» байқауында жүлделі орын алған оқытушыларды құттықтаймыз!!!

I-ші орынды №2 Жалпы білім беру және жаратылыстану пәндері ЦӘК-ның химия пәні оқытушысы Ташмаханбетова А.С. иеленді. №2 Жалпы кәсіптік пәндері ЦӘК-ның фармакология пәнінің оқытушысы А.К. Серкебаевамен №3 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК-ның ағылшын тілі пәні оқытушысы Саурбаева Л. Б. II-ші орынды бөлісті. №2 Арнайы пәндері ЦӘК –ның балалар аурулары пәні оқытушысы Джантасова Р.У. III-ші орынға аяқ тіреді. № 2 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК –ның қазақ тілі пәні оқытушылары Абдалимова З.И. «Жаңашыл оқытушы», Жусипова Д.Е. «Педагог тәрбиеші» номинацияларымен марапатталды.



Форум 20



2019 жылдың 30.04. - 5.05. аралығында «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында өткізілетін Қазақстанның жас патриоттар академиясының республикалық III форумына Жамбыл медициналық колледжінің 215 топ студенті - Д. Перзентбай мен 211 топ студенті - Д. Қалтаева қатысты. Студенттер кәсіподақ ұйымы қаржылай көмек көрсетті.

9.04.2019 ж. «7 сәуір Бүкіл дүниежүзілік денсаулық күніне» орай Жамбыл медициналық колледжінде I курс студенттері арасында «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз» атты көңілді старт эстафетасынан жарыстар өткізілді. Жарыс қыздар, ұлдар арасында үш ойын кезеңінен өтті.

Жарыс қорытындысы бойынша қыздар арасында:

Бас жүлде «Мейіргер ісі» 108 топ студенттері.

I – орын «Мейіргер ісі» 102 топ студенттері.

II – орын «Мейіргер ісі» 101 топ студенттері.

III – орын «Мейіргер ісі» 101 топ студенттері.

Ұлдар арасында қол күрестен жарыс нәтижесі бойынша:

I – орын «Мейіргер ісі» 108 топ студентті Алиев Н.

II – орын «Мейіргер ісі» 106 топ студентті Ашимов Б.

III – орын «Мейіргер ісі» 108 топ студентті Латипов Ю.

Ұлдар арасында кермеге тартылу жарыс нәтижесі бойынша:

I – орын «Мейіргер ісі» 108 топ студентті Латипов Ю.

II – орын «Мейіргер ісі» 102 топ студентті Ералы С.

III – орын «Мейіргер ісі» 105 топ студентті Қабылов Ә

Ұлдар арасында кір тасып көтеру жарыс нәтижесі бойынша:

I – орын «Мейіргер ісі» 109 топ студентті Сейсен А

II – орын «Емдеу ісі» 111 топ студентті Тұрсынов А

III – орын «Мейіргер ісі» 105 топ студентті Қабылов Ә

Әр топқа студенттер кәсіподақ ұйым атынан мақтау грамоталары, сыйлықтар және тәтті нан (торт) берілді.



Тараз қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен Абай оқулары қалалық байқауына белсене қатысқаны үшін «Емдеу ісі» 105 топ студентті Шайтымақ Айару

қатысып, Алғыс хатпен марапатталды.



марапатталды.

24.04.2019 ж. Алматы қаласы, ұлттық кітапханада өткізілген «Айтыс ақындары мен жыршы-термешілерінің халықаралық Одағының» II құрылтайында 307 топ студенті Қуат Аружан «Айтыс ақындары мен жыршы-термешілерінің халықаралық Одағының» мүшесі куәлігімен

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлік мерекесі 1

7 мамыр - Отан қорғаушылар күні 2

9 мамыр - Жеңіс күні 3

Жас мамандар мектебі 4

«Жыл оқытушысы-2019» байқауы 5

Әдістемелік кеңес 6

Облыстық «Жас маман 2019» байқауы 7

Облыстық фестиваль 8

«Ұлы даланың ұлы есімдері» шығармашылық – жобасы 9

Латын тілінде диктант 10

Семинар 11

Тренинг 12

Ашық тәрбие сағаты 13

Дөңгелек үстел 14

Ашық отырыс 15

Құқық бұзушылықты алдын алу 16

Ашық есік күні 17

Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз 18

Құттықтаймыз! 19

Форум 20

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

Колледж сайты: <http://mc.zhambyl.kz>

Колледж әлеуметтік желілері: <https://www.facebook.com/pzhmk> https://www.instagram.com/zhm_k_zhambyl.kz



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№8 10 мамыр 2019 жыл жұма

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№8 10 мамыр 2019 жыл жұма



1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлік мерекесі 1



1.05.2019 ж. 1 мамыр - Қазақстан Халықтарының бірлігі күніне орай «Халықтың қуаты - бірлікте» тақырыбында өткізілген облыстық іс-шараға Жамбыл медициналық колледжі директоры Ж.Н. Сарыбекова, студенттер мен оқытушылар қатысты.



26.04.2019 ж. «Емдеу ісі» бөлімі, 208 топ студенттері және топ кураторы А.А.Буксукбаеваның ұйымдастыруымен 1 мамыр – Халықтар бірлігі мерекесіне арналған «Ынтымағы жарасқан туған өлкем – Қазақстан!» тақырыбындағы колледжішілік іс-шара өткізілді. Мақсаты: елімізде тұратын ұлттар мен ұлыстардың арасындағы достық пен ынтымақты дәріптеу, Қазақстанда тұрып жатқан басқа ұлт өкілдерінің Қазақстан халқына деген сыйластығын, ұлттық қатынасын нығайту, өзара достыққа, Отанын құрметтеуге, бірлік, ынтымақ туралы түсініктерін кеңейтіп, көпұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу. Іс-шараға Тараз қаласы өзбек этно-мәдени бірлестігінің өкілі А.Ю. Зайнутдинов, Жамбыл облысының «Винхуа» дүнгендер ассоциация мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымының орынбасары И.М. Юнусов шақырылды.

7 мамыр - Отан қорғаушылар күні 2



№ 2 Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндер ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен «Ерлер - жердің қорғаны, елдің тұтқасы» атты мерекелік іс-шара өтті. Колледж азаматтарына кәсіподақ ұйымының төрайымы Ф.Қ. Жапарқұлова шығармашылық табыстар тілей отырып, сыйлықтар табыстады. Іс-шарада әсем ән шырқалып, би биленді. Колледж ұжымы көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.

9 мамыр - Жеңіс күні 3



9 мамыр - Ұлы Жеңістің 74 жылдығына орай «Қаһарман Ұлт-Бессмертный полк» атты шеруге колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова, колледж оқытушылары мен студенттері «Даңқ» мемориалында гүл шоқтарын қою рәсіміне қатысты, сонымен қатар Ұлы отан соғысының қаһарманы Ы. Сүлейменовтың ескерткішіне колледж қызметкерлері тағзым етіп гүл себетін қойды.



27.04.2019 ж. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру бағытының Ұлы Жеңістің 74 жылдығына орай «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды» тақырыбында «Мейіргер ісі» бөлімі, 314 топ студенттерімен топ кураторы Д.А. Зиябекова колледжішілік ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: Отан тарихына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге тарихын құрметтей білуге, дүниежүзіндегі басқа ұлт өкілдерінің достығын нығайту.

Жас мамандар мектебі 4



11.04.2019ж. Жас мамандар мектебі Семинар тақырыбы: «Озат тәжірибе-ортақ іс» «Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану-сапалы білім негізі.» Жауапты: Л.К.Батаева колледж әдіскері «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын тарих пәнінде қолданудың тиімділігі.» Практикум Жауапты: Иманалиева Г.Ж. тарих пәні оқытушысы Фармацевтикалық пәндер бойынша оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері. Практикум. Жауапты: Серкебаева А.К. фармацевтикалық пәндер оқытушысы «Тарих пәнін оқытудағы интербелсенді инновациялық оқыту тәсілдері.» Жауапты: Джантохова Г.Н. тарих пәні оқытушысы. Жас мамандарға арналған семинарды колледж әдіскері Л.К.Батаева жүргізді, семинарда психолог А.Н.Өскенбаева тренинг өткізді. Семинарда барлық сұрақтар орындалды. Семинар өте жақсы өтті.

Ашық есік күні 17



15.04.2019 ж. Жамбыл облысы «Соқыр және көзі нашар көретін» балаларға арналған арнайы «Болашақ» мектеп интернатының әлеуметтік педагогы К.Б. Сатқулова, педагог – психологы Г.Ж. Айдарбекова және 9 – 11 сынып оқушыларын колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова колледж ғимаратымен таныстырды.

Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз 18



05.04.2019 ж. Колледжінде «7 сәуір-Дүниежүзілік денсаулық күніне» орай студенттер арасында «Денсаулық баршаға!» ұранымен таңғы жаттығу өткізілді. Іс-шараның өткізілу мақсаты: адам өмірінде денсаулықтың өте маңызды екендігін ұғындыру. Денсаулық- рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы екенін ұмытпау абзал, сол себептен халықта: «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» – деп бекер айтылмаған.

Құттықтаймыз! 19




Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі, «Кәсіпқор» холдингі коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы және Жамбыл политехникалық жоғары колледжінің ұйымдастыруымен «Digital Kazakhstan: цифрландырудың жаһандық трендтері және халықаралық тәжірибе» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияға «Цифрлы технологияны қолдану арқылы білім сапасын арттыру – заман талабы» тақырыбында баяндама дайындап, қатысқаны үшін колледждің оқу – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т.Қуанышбекова сертификатқа ие болып, конференцияның жоғары дәрежеде өтуіне зор үлес қосқаны үшін Жамбыл политехникалық жоғары колледж директоры Ж.Орынбаеваның Алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар колледж оқытушылары Ф.Д.Тұрмысова, А.Е.Исмаилова баяндама дайындап, сертификатқа иеленді.



«M.S.Narikbaev KAZGUU UNIVERSITY» басқару, қауіпсіздік және арнайы бағдарламалар академиясының ұйымдастыруымен «Кадр жұмысын және әскери есепке алуды ұйымдастыру» бағыты бойынша 50 сағат көлеміндегі біліктілік арттыру семинарының бағдарламасын сәтті аяқтағаны үшін колледждің кадр бөлімінің меңгерушісі Ш.С. Таукебаева Сертификатқа ие болды.



21.04.2019 ж. Колледждің 1-2 курс студенттері Жамбыл облыстық пікірсайыс одағы «Еркін пікір» жастар қоғамдық бірлестігі мен Жамбыл политехникалық жоғарғы колледжінің «Жалындаған жастар-ел болашағы» тақырыбында ұйымдастырған облыстық пікірсайыс турниріне қатысып, «Мейіргер ісі» мамандығының 101 топ студенті Қалдыбаева Наргиза мен 103 топ студенті Тұрсынбай Диана жүлделі I орынды иеленсе, 105 топ студенті Ермек Тілеген II орын мен ақшалай сыйлық алды.



27.04.2019 ж. Тараз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен «Жастар жылына» орай Тараз қаласындағы техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының студенттері арасындағы спартакиада өткізілді. Жарыс нәтижесі бойынша: кіші футболдан ұлдар I орын, волейболдан қыздар II орынға ие болды, үстел тенісі «Мейіргер ісі» бөлімінің 209 топ студентті Үсейін А II орын, «Емдеу ісі» 102 топ Әбдікүл Г III орын иеленді. Жеңіл атлетикадан 302 топ студенті Қамчибеков А I орын, 207 топ студенті Кунесбекова М, Арзыкулова А II орынға ие болды. Жалпы командалық есеппен колледж командасы жүлделі III орынға иеленді.



Ашық отырыс

15

26.04.2019 ж. Биология пәні бойынша «Ізденуші биолог» үйірмесінің жетекшісі А.Е.Еркебаеваның ұйымдастыруымен «Йод және адам денсаулығы» тақырыбында ашық отырыс өткізілді. Мақсаты: йодтың химиялық, физикалық, биологиялық қасиетерін, йод тапшылығының қауіптілігін, адам өміріндегі маңызын және йод тапшылығынан пайда болатын ауруларды, олардың алдын – алу жолдарын зерттей отырып, адам ағзасының сау және үйлесімді түрде дамуы үшін өмір сүру салтын насихаттау және студенттер арасында қалыптастыру. Үйірме отырысы мақсатына жетті.

алдын алуға бағытталған, колледж қабырғасына кесетін және өткір заттар- пышақ, бәкі, тез жанатын, жарылғыш және т.б. заттарды өздерімен әкелмеу, қолданбау және т.б. мақсатында рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылды.



30.04.2019 ж. ҚБАЖ меңгерушісі Р. Усеновтың ұйымдастыруымен колледж психологы А. Оскенбаева және Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның УПИ полиция капитаны Жақсығұлов Арслан Нурланұлы колледж студенттерімен кездесіп, мереке күндері табиғат аясына шығуға, рұқсат етілмеген жерлерге шомылуға тыйым салу мақсатында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



6.05.2019 ж. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысы бойынша «Тәрбиенің алтын діңгегі – отбасы» тақырыбында семинар – тренинг өткізілді. Семинарға жауаптылар: колледж психологтары: А.Н. Оскенбаева, Н.Е. Мұхамодиева мен ҚБАЖ меңгерушісі: Р.Б. Усенов.

Студенттерге «Отбасы» құндылығы туралы түсініктерді, ұғымдар кеңейтілді, қадірлей білуге, отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге керектігі айтылды. «Ұрпақ тәрбиесі – Ұлт болашағы» тақырыбында студенттерге дәріс оқылып, бейнеролик көрсетіліп, студенттермен түрлі жаттығулар жүргізілді. Қ.Ж.Қалжанов өмірде болған келеңсіз жағдайлармен, отбасында болған келеңсіз жағдайлар туралы студенттерге ақпараттар берілді. Семинар-тренингтің соңында «Отбасының жылуын сөндірмейік!» жаттығуымен аяқталды.

Қатысқандар: Жамбыл облысы, полиция департаменті, жергілікті полиция қызметі, ювеналды полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі: Қалжанов Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Қуанышбекова Л.Т. Тәрбие жұмысының меңгерушісі: Мейрманова Л.К. Жаңабай А.П.- 103 топтың ата-анасы. Намазбаева Қ.А. – 102 топтың ата-анасы.

Құқық бұзушылықты алдын алу

16

05.04.2019 ж. Жамбыл медициналық колледжінде «Балаларды қорғау – болашағымызды қорғау» атты ата-аналар және қамқоршы-қорғаншыларға арналған дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіре отырып, ата-аналарға өз баласының жан дүниесін түсінуге, ата-ана, қамқоршы-қорғаншылардың бойына өздерін тәрбиеші әрі мұғалім ретінде қарау жауапкершіліктерін арттыру. Жиналысқа арнайы маман шақыртылды: Тараз қаласы полиция басқармасы ювеналды полиция бөлім бастығының міндетін атқарушы, полиция капитаны Калышев Алишер Тіллабекұлы, Калышев Алишер Тіллабекұлы сөз алып, Жамбыл облысы бойынша төтенше жағдайлар туралы және жасөспірімдер арасындағы қылмыс, жайсыз отбасы туралы ақпараттармен бөлісті.



24.04.2019 ж. колледж инспекторы, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның УПИ полиция капитаны Жақсығұлов Арслан Нурланұлының қатысуымен құқық бұзушылықтың



«Жыл оқытушысы-2019» байқауы

5

«Жыл оқытушысы-2019» байқауы педагогтардың инновациялық тәжірибесін айқындау, кәсіби шеберлігін көтеру, білім беру жүйесінде оқытушының жағымды әлеуметтік- кәсіби келбетін қалыптастыру мен мәртебесін көтеру мақсатында ұйымдастырылып өткізілді. Байқау 2 кезеңде өтті. Байқаудың әділ қазылар алқасының төрайымы Сарыбекова Ж.Н. – Жамбыл медициналық колледжінің директоры, мүшелері: Б.С. Қайыпшаев – Жамбыл облыстық білім басқармасының «Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығы» КММ басшысы; Қуанышбекова Л.Т.- Жамбыл медициналық колледжі директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары; Андақұлова Қ.Т. – Жамбыл медициналық колледжі директорының оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары; Мадидраимова А.М. «Емдеу ісі» бөлімінің меңгерушісі; Жапарқұлова Ф.К.- «Емдеу ісі» бөлімінің меңгерушісі, колледж қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрайымы; Иманбекова Ж.Б.- Жамбыл медициналық колледжі оқу-әдістемелік кабинет меңгерушісі. Есептеуші комиссия білім сапасы және мониторинг орталығының меңгерушісі – Мұраталиева Н.М.



17.04.2019 ж. Байқаудың 1-ші кезеңінде ұй тапсырмасы бойынша «Мен – қазіргі заманның педагогімін» тақырыбында эссе жазылды. Пәндер бойынша, педагогика және психология пәндерінен тест тапсырмалары алынды. Байқауға барлық ЦӘК-тен 16 оқытушы қатысты. Баева Ә.Қ., Джантасова Р.У., Серкебаева А.К., Парманова А.Т., Мухамодиева Н.Е., Амирбеков Д.К., Шалғынбаева Г.О., Төлегенова Қ.Н., Чинасилова Қ.О., Бекмурзаева Д.Т., Ташмаханбетова А.С., Абдалимова З.И., Жусупова Д.Е., Саурбаева Л.Б., Атамбаева А.С., Сатқынов Б.Е. Осы кезеңнен жоғары балл алған оқытушылар іріктеліп, байқаудың 2-ші кезеңіне жіберілді. Джантасова Р.У., Серкебаева А.К., Ташмаханбетова А.С., Абдалимова З.И., Жусупова Д.Е., Саурбаева Л.Б.

29.04.2019 ж. «Жыл оқытушысы-2019» байқауының 2-ші кезеңі өткізіліп, келесі тапсырмалар орындалды: әдістемелік көрме ұйымдастыру; таныстыру «Ұстаз-ұлағатты есім»; панорамалық сабақ өткізу; «Білім мен тәрбие егіз» педагогикалық тосын жағдайлар шешу; «Өнерлі өрге жүзер» ән, би, қолөнер орындау. Байқау қорытындысы бойынша I-ші орынды №2 Жалпы білім беру және жаратылыстану пәндері ЦӘК-ның химия пәні оқытушысы Ташмаханбетова А.С. иеленді. №2 Жалпы кәсіптік пәндері ЦӘК-ның фармакология пәнінің оқытушысы А.К. Серкебаевамен №3 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК-ның ағылшын тілі пәні оқытушысы Саурбаева Л. Б. II-ші орынды бөлісті. №2 Арнайы пәндері ЦӘК –ның балалар аурулары пәні оқытушысы Джантасова Р.У. III-ші орынға аяқ тіреді. №2 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК –ның қазақ тілі пәні оқытушылары Абдалимова З.И. «Жаңашыл оқытушы», Жусупова Д.Е. «Педагог тәрбиеші» номинацияларымен марапатталды. Сайысқа қатысқан оқытушыларға бастауыш кәсіподақ ұйымының және колледждің қаржыландыру бөлімінен ақшалай сыйлықтар берілді.

Әдістемелік кеңес

6

19.04.2019 ж. Әдістемелік кеңес өткізілді. Күн тәртібінде: 1.«Психология негіздері және коммуникативтік дағдылар» пәнін оқытуда этика және деонтологияға тәрбиелеу. Жауапты: Жапарқұлова Ф.К. 2.Студенттердің денсаулығын жақсарту мақсатында сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру. Жауапты: Назар Д.К. 3.«Емдеу ісі» мамандығы бойынша «Микробиология», «Жалпы гигиена» пәндерінің оқытылуы мен білім сапасы. Жауапты: Мадидраимова А.М.

Облыстық «Жас маман 2019» байқауы

7



03.05.2019 ж. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығы» ұйымдастырған облыстық «Жас маман - 2019» байқауына арнайы пәндер циклдык әдістемелік комиссиясы төрағасы, хирургия пәнінің оқытушысы М.Л. Ералиев қатысып, Алғыс хатпен марапатталды.



Облыстық фестиваль

8

30.04.2019ж. Тұңғыш Президент-Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасын жүзеге асыру аясында «Ынтымағы жарасқан туған жерім-Таразым» тақырыбында Облыстық фестиваль өткізілді. Мақсаты: Жамбыл облысында тұрып жатқан басқа ұлт өкілдерінің қазақ халқына деген сыйластығын ұлттық қатынасын ұлыстардың арасындағы достық пен ынтымақты нығайтып, әр ұлт өкілдерінің әдет-ғұрпын, салт – дәстүрі мен тілін мәдениетін сақтауға, бағалауға, бағалай отырып, жаңғырта дамытуға жол ашу. Іс-шараға тәжірибе алмасу мақсатында облыстық кәсіптік орта білім беру мекемелерінен қонақтар шақырылды: Қазіргі заман гуманитарлық техникалық колледжі директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Шарипов З.Б. №17 «Жамбыл колледжі» директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Тұрлығұлова А.Б., педагог-психолог Абдыкамалова Г.Д. Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжі директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Сатыбалдиева А.Б., «Руханият» орталығының жетекшісі: Абдрашова А.Қ.



Қаратау құрылыс-техникалық колледжі директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Ибраимов Ф.А., оқытушы Аптауова С.У., оқытушы Қошанова Н.Н. №9 Меркі колледжі директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Айтбаев А., қазақстан тарихы пәнінің оқытушысы Бөрібаева Г., дүние жүзі тарихы пәнінің оқытушысы Додаева Ә. №3 Байзақ колледжі директордың тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Молдабаев З.А. Жамбыл инновациялық колледжі психолог Нарболдиева Г., социолог Сарымбетова А. Іс-шара үш бағыт бойынша өткізілді: «Ұлы Даланың- Ұлы өнері» тақырыбында колөнер көрмесі, ұлттық тағамдар көрмесі, фестиваль. Бұл іс-шара жастарға ұлттар арасындағы бірлікті нығайтуға, өз ара достыққа, сыйластыққа, әдет-ғұрыптарды сақтауға, рухани сананы жоғары көтеруге, жан-жақты дамуына жол ашу болып табылады. Фестиваль соңында әр ұлт өкілдері қонақжай халық (қазақ), дарынды халық (орыс), берекелі халық (өзбек), сабырлы халық (кәріс), әдепті халық (түрік), ұқыпты халық (қырғыз), талапшыл халық (ұйғыр), жайдарлы халық (әзірбайжан), сыпайы халық (дүнген) номинациясымен марапатталды.

«Ұлы даланың ұлы есімдері» шығармашылық – жобасы

9

12.04. 2019ж. Жамбыл медициналық колледжінің «Рухани дамыту» орталығында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының жариялануына екі жыл толуына орай, «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында Ікурс студенттер арасында «Ұлы даланың ұлы есімдері» тақырыбында шығармашылық жоба өткізілді. Ұлы далада өмір сүріп отырған бүгінгі жастар, яғни студенттер бабаларымыздың ерліктерін, жетістіктерін зерделеп есімін ұлықтап өткен тарихтағы өр тұлғалардың ұрпағы екендігін мақтанышпен жеткізді. «Әл-Фараби» 104 топ студенті: Тәліпбек Айдана ғылыми жетекшісі: Иманалиева Г.Ж., «Күлтегін» 106 топ студенті: Асылбекова А. жетекшісі: Оскенбаева А.Н.



«Қожа Ахмет Яссауи» 107 топ студенті: Мұсабек Ш. ғылыми жетекшісі: Маманова Ш.Т., «Абайдың қара сөздері» 110 топ студенті: Ахубаева А. жетекшісі: Ахметбекова Р.М., «Аққан жұлдыз» Шоқан Уалиханов 111 топ студенті: Сметуллаева А. жетекшісі: Сыздықова Ф.А., «Орта Азия жеріндегі Әмір Темір рөлі» 105 топ студенті: Шайтымақ А. жетекшісі. Амирбеков Д.К., «Мәмүліктер сұлтаны -Сұлтан Бейбарыс» 106 топ студенті Қыдырәлі Г. жетекшісі: Мухамадиева Н.Е., «Әз Тәукенің жеті жарғысы» 103 топ студенті: Мәлік А. жетекшісі: Айдабосынова Ж.Н., «Абылай хан» 107 топ студенті: Қонысбай А. ғылыми жетекшісі: Маманова Ш.Т., «Кенесары хан» 107 топ студенті: Рысқұлова Ә. ғылыми жетекшісі: Маманова Ш.Т., «Джордж Вашингтон» 102 топ студенті: Әділхан А. ғылыми жетекшісі: Қалымбетова Ж.Б., «Дінмұхамед Қонаев» 111 топ студенті: Тоқанова А. ғылыми жетекшісі: Маманова Ш.Т., Сарапшылар: тәрбие жұмысының меңгерушісі Л. Мейрманова, тарих пәнінің оқытушысы Г. Шалғымбаева, Облыстық жас ғалым жобасының спикері Сүйінбекұлы Кәрім. Сөз соңында Л.Мейрманова өз төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін ұрпақтың болашағы зор болатындығын айтып, жастарды шығармашылыққа ізденушілікке шақырды. Барлық жобаға қатысушылар сертификаттармен марапатталды.



Латын тілінде диктант

10

04.05.2019ж. Облыстық тілдерді дамыту басқармасының 2019 жылдың 23 сәуірдегі №03-466 сұраныс хатына байланысты Жамбыл медициналық колледжінде «Жаңа қазақ әліпбиі – рухани жаңғырудың бастауы» атты жаппай (латын тілінде) диктант жазу акциясы өтті. Акцияға емдеу – алдын алу мекемелерінің қызметкерлерінен 200 адам қатысты.



Семинар

11

12.04.2019ж. Жамбыл медициналық колледжінің мәжіліс залында колледж психологтары мен СӨС төрайымы Токкулиева Г.С ұйымдастыруымен «Жасөспірімдердің денсаулықтарын қорғау» тақырыбында семинар өткізілді. Семинарға шақырылған дәрігерлер мен мамандар: Облыстық наркодиспансерінің нарколог дәрігері Нязалиева А.А., №1 Қалалық емханасының акушер-гинеколог дәрігері Гатина Н.З, Облыстық спид орталығының педагогы және социолог маманы Жакенова Р.Х, Бегманова М.С. Өткізілген іс-шарада дәрістер оқылды, бейнетаспалар көрсетілді.



29.04.2019ж. Жамбыл медициналық колледжінің «Б» корпусында Салауатты өмір салтын қалыптастыру ісі жөніндегі төрайымы Токкулиева Г. С. және Жастар денсаулық орталығының мамандарымен бірге «АИТВ/ЖИТС-тың алдын алу» және Туберкулездің алдын алу» тақырыбында семинар-тренинг ұйымдастырылып өткізілді. Семинарға келген қонақтар Жайлау С. Ж. психолог маманы мен әлеуметтік қызметкер Ақышбекова А. Д. Студенттерге видео роликтер мен дәрістер оқылды. Психолог маман студенттермен тренинг жүргізді. Сонымен қатар 302 топ студенті Сүйінбекұлы К. тақырыпқа сай презентация жұмысын көрсетті.



Тренинг

12

Ш.Уәлиханов атындағы Жамбыл облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қызметкерлерінің ұйымдастыруымен жұкпалы аурудан сақтану, тазалықты ұстауға, адамдардың денсаулығына жауапкершілікпен қарауға, жаман әдеттерден бойларын

аулақ салуын, санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуын қалыптастыру мақсатында колледждің психологы: А.Н.Оскенбаева, кітапхана меңгерушісі: Н.Е. Бегалиева және студенттердің қатысуымен «Өзінді туберкулезден сақта» атты арт-терапия іс-шарасы өткізілді. Ш.Уәлиханов атындағы Жамбыл облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының меңгерушісі: М.С. Оразымбетова, кітапханашы: Г.С.Сүлейменова сөз алып: арттерапия туралы түсінік қалыптастырып, туберкулездің жұғу жолдарын, себеп салдары туралы ақпарат айтып өтсе, колледж кітапхана меңгерушісі: Н.Е. Бегалиева кітап көрмесіне шолу жасап, колледж психологы: А.Н. Оскенбаева студенттермен «Бағдаршам», «Қолшатыр» тренингын өткізді.



Ашық тәрбие сағаты

13

11.04.2019 ж. «Емдеу ісі» бөлімінің 218 топ студенттері мен топ кураторы К.Ж. Байбосынованың ұйымдастыруымен «Экология души – экология природы» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: студенттерге қоғам мен табиғат арасындағы қарым – қатынастың физиологиялық өсіп жетуіне, экологиялық аймақтар туралы мағлұмат бере отырып, экология ұғымын жан – жақты ұғындыру, табиғатты сүйе білуге, қорғай білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.



Дөңгелек үстел

14

«Балауса» қыздар клубы және Жастар денсаулық орталығының мамандары Ақылбекова А.Д және Жайлау С. Ж ұйымдастыруымен «Зиянды әдеттердің алдын алу» атты тақырыпта дөңгелек үстел өтілді. Дөңгелек үстелдің мақсаты: тазалықты ұстауға адамдардың денсаулығына жауапкершілікпен қарауға, жаман әдеттерден бойларын аулақ салуын, санитарлық – гигиеналық талаптарға сай болуын қалыптастыру. Сөз соңында колледж психологы: Н.Е.Мұхамедиева сөз алып, зиянды әдеттердің адам өміріне келтіретін зияндықтары туралы айтып, 10 минуттық тренинг өтті.

